

«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2023 жылдың 24 қазан күні өткен
Қамқоршылық кеңесі жұмысының
№1 Хаттамасы

Қатысқандар: 7 адам

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

- 1) 2023 – 2024 оку жылына Қамқоршылық кеңестің мүшелерін, төрағасын сайлау, тізімін бекіту.
- 2) Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту

I мәселе бойынша ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйледі.

Қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері, сайлау тәртібі мен құрамы, негізгі атқаратын қызметі, өкілеттігі, қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастырылуы жайлы айтып таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

- 1) Муканов К.С.
- 2) Сеитов Е.С.
- 3) Исаков А.Т.
- 4) Алимжанова Г.Т.
- 5) Сактағанова Р.Ж.

Махметова К.Х.

7) Матаева Н.А.

Хатшы - ДТІЖО Шайхудинова А.С.

Қамқоршылық кеңес мүшелері төрағасы лауазымына Муканов К.С. және Сеитов Е.С. дауыс берді. Дауыс саны есептеліп Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Муканов К.С. тағайындалды.

II мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары талқыланды, бекітілді.

Қаулы:

- Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын;
- Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, төраға басшылығымен орындалсын.

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы:

Муканов

К.С.Муканов

Хатшы:

Шайхудинов

А.С.Шайхудинова

**«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2024 жылдың 03 қаңтар күні онлайн түрінде өткен
Қамқоршылық кеңесі жұмысының
№2 Хаттамасы**

Катысқандар: 7 адам

Катыспағандар:

Күн тәртібінде:

- 1) 2023 – 2024 оку жылына Қамқоршылық кеңестің мүшелеренің аудиосузы.
Жауапты: Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Муканов
- 2) Жаппай оқыту қорына жататын оқушыларды анықтау. Жауапты:
Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Муканов
- 2) Әртүрлі мәселелер

I мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Муканов сөз сөйлемді
- Қамқоршылық кеңестің мүшесі полиция капитаны Исқаков Асхат
Талғатович Кекшетау қаласына көшіп кетті. Енді Қамқоршылық кеңестің
жаңа мүшесі болып участекелік полиция инспекторы полиция аға
лейтенанты Өмірбек Жанболат мырза тағайындалды.

II мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Муканов сөз сөйлемді
- Жаппай оқыту қорына жататын оқушылар анықталды. Олар: 2 – сынып
оқушысы Оспанова Толқын, 10 – сынып оқушысы, қамқорлықтағы бала
Маханбетова Аружан, 11 – сынып оқушысы Оспанова Ернұр. Оспанова
Толқын ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ал Аружан мен Ернұр ыстық
тамақ ішуден бас тартты. Бірақ бұл оқушылар тегін бәлішпен (пирожки)
тамақтанып жүр

**III мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Шайхудинова А.С. сөз сөйлемді**

- Биылғы жылы шағын орталықтың 25 бүлдіршіндеріне Алькеев Асхат
Бақтыбайұлы Жаңа жыл мерекесіне орай сыйлық әперіп демеушілік
көрсетті. Үлес қосқаны үшін аудио әкімі Гүлнар Төлегенқызы мен Асхат
мырзаға мектеп ұжымы атынан алғыс білдіреміз. Шағын орталық
тәрбиешілердің көмекшісі Секуова Шынар ханым өз атынан аяз атаниң
күімін сыйлады. "Жасыл шырша" ертеңгілігінің өту барысында түрлі
ойындар ойнатылды. Сол ойындардың қызықты өту үшін сыйлық әперуге
демеушілік көрсеткен мектеп ұстаздары Аскарова Мейрамгуль Жалеловна,
Тороохан Нұржанар, Шайхудинова Айгуль Сабитовна. мектебіміздің
информатика кабинетіне КХ "Байқоңыс" басшысы Хасен Шакиртхан Lego
Mindstorms Education ev3 роботын сыйлып демеушілік көмегін көрсетті.

Қаулы:

- Қамқоршылық кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын
- Мектепішілік іс – шараларды ұйымдастыруға және оны өткізуге қоғам мен демеушілерді тартуға көмек көрсету

Камқоршылық кеңесінің
төрағасы:

Н. Каир

К.С.Муканов

Хатшы:

А.С.Шайхудинова

А.С.Шайхудинова

**«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2024 жылдың 13 наурыз күні өткен
Қамқоршылық кеңесі жұмысының
№3 Хаттамасы**

Катысқандар: 3 адам

Катыспағандар: 4

Күн тәртібінде:

1) 2023 – 2024 оку жылында Балқаш қаласындағы «Балдаурен» оку – сауықтыру демалыс орнына 15 оқушының тізімін құру. Жауапты: Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Муқанов

Мектеп директоры Г.Т.Сергазинова сөз сөйлемді

- Балқаш қаласындағы «Балдаурен» оку – сауықтыру демалыс орнына сәуір айының 11 – нен бастап 20 күнге 15 оқушыға жолдама берілді. Сіздермен бірге 1 лагерьге баратын оқушылар тізімін құру керек. Бұл оқу – сауықтыру лагеріне түрлі іс – шараларға қатысатын, үздік, екпінді оқушыларды жіберуіміз керек. 5 – 6 – сынып оқушылары 20 күнге бара алмайтын шығар, 7 – 9 – сынып оқушыларынан таңдайық. Медициналық тексерістен өту, сенімхат жасау, жол ақысы туралы оқушылардың ата – аналарымен түсіндірме жұмысын жүргізу керек.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинова сөз сөйлемді.

- Балқаш қаласындағы «Балдаурен» оку – сауықтыру демалыс орнына түрлі іс – шараларға қатысатын, үздік, екпінді және қамқоршылықта, көпбалалы оқушыларды да жіберсек деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.С.Муқанов сөз сөйлемді

- Балқаш қаласындағы «Балдаурен» оку – сауықтыру демалыс орнына жолдама алғанымыз жақсы жаңалық екен. 7 – 9 -сынып оқушыларының тізімін қарап таңдайық.

Мектеп директоры Г.Т.Сергазинова, Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Қ.Абыкеева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.С.Муқанов, қамқоршылық кеңесінің мүшелері Сақтағанова Р.Ж., Махметова К.Х. ақылдаса отырып келесі оқушыларды лагерьге жіберілсін деген шешімге келді.

- 1) Қанат Альдаир Аманұлы
- 2) Ақжігіт Іңкәр Жомартқызы
- 3) Нұрсапа Шакира Нұржакыпқызы
- 4) Төлеген Жансая Ғалымқызы

- 5) Айтжан Абілмансур Ержанұлы
- 6) Бопалаков Арман Куанышевич
- 7) Амангелді Тамина Қанатқызы
- 8) Болатбек Аяла
- 9) Серік Арайлым Арапбайқызы
- 10) Муханбетжанова Шакира Кайратовна
- 11) Қайырбек Алтынай Ерболатқызы
- 12) Сағын Меирхан
- 13) Тасболат Нұрбек
- 14) Маханбетова Аружан Нурлановна
- 15) Мустахи Женісбек

Қаулы:

- «Балдаурен» оқу – сауықтыру демалыс орнына баратын оқушыларды медициналық тексерістен өткізіп, құжаттарын реттеу мектеп медбикесі Г.Шамерханқызына жүктеледі.
- Сенімхат жасау, жол ақысы туралы оқушылардың ата – аналарымен түсіндірме жұмысын жүргізу жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудиноваға жүктеледі

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы:

М.Сағір К.С.Муканов

Хатшы:

А.С.Шайхудинова

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2024 жылдың 03 маусым күні өткен
Қамқоршылық кеңесі жұмысының
№4 Хаттамасы

Катысқандар: 4 адам

Катыспағандар: 3 (жұмыс бабымен жиналысқа қатыса алмады)

Күн тәртібінде:

1) 2024 жылы жаппай оку қорынан оқушыларға көмек көрсету. Жауапты: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинова

2) Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттары бойынша мектеп жаңындағы лагерьде демалуы үшін 2 – сынып оқушысы Оспанова Толқынды қабылдау

Мектеп директоры Г.Т.Сергазинова сөз сөйлемді:

- Жылда мектеп оқушылары арасынан көпбалалы, аз қамтылған, ата – анасының қамқорлығының қалған балаларға жаппай оку қорынан қаржылық және материалдық көмек көрсетілетінін білесіздер. Жаппай оку қорынан көмек алу үшін отбасы мынадай категорияға жату қажет:

- 1) Аз қамтамасыз етілген отбасылар
- 2) Ата – анасының қамқорлығының қалған балалар (жетім)
- 3) Төтенше жағдайға түскен отбасы
- 4) АСП алатын отбасы
- 5) Басқа категория

Аталған категория бойынша ата – анасының қамқорлығының қалған бала Муханбетова Аружан және басқа категорияға жататын Оспанова Толқын (анасы жалғыз басты) жатады.

Одан басқа биылғы жылы жаппай оку қорынан көмекті қажет ететін отбасыны сіздермен бірге анықтау үшін жиналысқа шақырдық.

(Сынып жетекшілердің берген ақпараты бойынша әртүрлі санаттағы оқушылар тізімі таратылды)

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ауыл әкімі Г.Т.Алимжанова сөз сөйлемді.

- Әртүрлі санаттағы оқушылар тізімінде көбі аталған категорияға жатпайды. Отбасы жағдайлары жақсы. Тек Муханбетжанова Шакира мен Муханбетжанов Элиді ұсынуға болады. Себебі, толық емес отбасы. Алайда, аласы Мухабетжанова Динараның несие жағынан берешегі бар. Есеп шотына үкімет тарапынан түскен ақшаны банк ұстап қалуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, ардагер ұстаз Р.Ж.Сақтағанова сөз сөйлемді:

- Бұл ұсынысты қолдаймын. Мен де осы екі оқушыны ұсынайын дегенмін. Былтыр өзім директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған кезде көмек берілу қажет тізімінде осы оқушылар болды.

(Жиналысқа қатысуышылардың барлығы бұл ұсынысты қолдады)

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинова сөз сөйлемеді.

- Жаппай оқу қорынан көмек алған отбасы шоттарына ақша түскеннен кейін, мектепке қажетті заттарды алғаны жөнінде есеп (чек, фото) беру керек. Рая Жандарбековна өзініз де директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүргенде Муханбетжанова Шакира мен Әлидің анасынан ақшаны қалай жұмсағаны жөнінде есеп алу қынға соққанын білесіз. Биылғы оқу жылында да сол жағдай қайталанды. Себебі ол кісі өзі қалада жұмыс істейді, телефон соққанда көтере бермейді, ауылға жиі келмейді. Сынып жетекшісімен бірге әрен дегенде есеп алдық.

Мектеп директоры Г.Т.Сергазинова сөз сөйлемеді

- Олай болса онда білім бөліміне құжаттарды реттеп тапсырган кезде Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесінің есеп шотын берейік. Қамқоршылық кеңесінің мүшесіне ақша түскеннен кейін, сынып жетекшісіне немесе Шакира мен Әлидің сенімді деген туысына табыстырық. Киім, оқу құралдарын алғаннан кейін фото, чекті бірден тапсырсын деп ескертеміз.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинова сөз сөйлемеді.

- Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша ақпарат, соның ішінде лагерь туралы жалпы мектепшілік ата – аналар жиналысында айтылды. Жаппай оқу қорынан көмек қажет ететін санатқа жататын 2 – сынып оқушысы Оспанова Толқын жазғы мектеп лагеріне қабылданды. 3 – 14 маусым аралығында мектеп жанындағы лагерьде болады.

(Жиналысқа қатысуышылардың барлығы бұл ұсынысты қолдады)

Қаулы:

- Жаппай оқу қорынан көмек алатын келесі оқушылардың құжаттары реттелсін:

- 1) Маханбетова Аружан
- 2) Оспанова Толқын
- 3) Муханбетжанова Шакира
- 4) Муханбетжанов Әли

- Муханбетжанова Шакира мен Әлидің құжаттарын тапсыру кезінде Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесінің есеп шоты берілсін;
- Оспанова Толқын мектеп жаңындағы лагеръге қатысып, буфеттік тамақпен қамтамасыз етілсін.

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы:

М.Канғ К.С.Муканов

Хатшы:

Шайх А.С.Шайхудинова